

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/AHDL2386>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шоқубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/ZEKC9812>

***Б. Қ. Қапасова¹, С. Т. Елікпаев²**

^{1,2}Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МЫСАЛ ЖАНРЫНДАҒЫ МАЗМҰН ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мысал өлеңдер ескіден белгілі әдебиеттің жанры. Біз өз мақаламызда мысал өлеңдер ішіндегі мазмұнның өзгерісін қарастырдық. Мысал өлеңдер ішіндегі оқиғалардың дамуы, жаңаша трансформацияға ұшырауы ерекше қызықты процесс. Осы арқылы қоғамның өзгерісі білінеді. Демек, біздің мақала бүгінгі күнге де қызықты әрі қажетті деп білеміз.

Өзімізге мәлім мысал жанры ежелден келе жатқан, ескі адамзаттың қадірлі жанрының бірі. Адамзат алғашқы даму үдерісі кезінде мысал жанры арқылы дүниені танып, біліп осы бір әдебиет үлгісі арқылы танымын кеңейтті. Себебі алғашқы даму шағында адамзат өзін қоршаған ортадан бөлмеген еді. Яғни, жануарлар немесе жанындағы тірі мен өлі арасындағы әр түрлі оқиғаларды, хикаяларды тілге тиек ете отырып адам көзқарас ұғымының өзгеруін, оның имани қалтын сынаққа салып, сол кездегі түрі жазылады мысал өлеңде.

Аты айтып тұрғандай мысал өлеңдер әлденені мысалға ала отырып жасалады. Бұл жанрдың басты белгісінде салыстырмалы әдебиеттанудың белгісі бар. Өрісті жолмен бізге жеткен себебі де сол. Ал кейбір мысал өлеңдерде ұлттың мінезі де білінеді. Мысал өлеңдер үкім айтушы, шын ар сотындай сезіледі. Демек бүгінгі я, кешегі ұлттың мінезін, салтын, ой қарымын түсіну үшін мысал өлеңдерге жүгінуге тура келеді.

Кілтімі сөздер: мысал өлең, адамзаттық ортақ тақырып, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, компаративистика.

Кіріспе

Мысал өлеңдер ертеде шумер-бабыл әдебиетінде пайда болғанын білеміз [1, 336]. Ескі жазбалардағы бұл еңбектер «демотикалық әдебиет» деп аталады. Осы мұрада тордағы арыстанды құтқарған тышқан жайлы айтады. Кейін осы оқиға барлық мысал өлеңде көрінеді. Біз өз мақаламызда

мысал өлеңдердегі мазмұн өзгерісімен бірге кейіпкерлер метамарфозасын да негізгі зерттеу нысанасы жасаймыз. Егер өзге жанрлар жекелікті, кейде ұжымшылдықты қаласа, мысал өлеңдер тек көпшілікке я, өзгемен салыстыру жағына мол мән береді. Мысал өлеңдер тек дидактикаға мән бермейді, терең пәлсапаға сүйенеді. Демек, мысал өлеңдердегі мазмұн өрісі құнды да қажет тақырып болуға тиісті.

Біз әлем және қазақ әдебиетіндегі мысал өлең мазмұндарын қараймыз.

Осы арқылы бүгінгі әдебиет пен бұрынғы әдебиет байланысын зерделейміз.

Мақсатымыз әдебиеттің ескі жанрларының бірі мысал өлеңдер арқылы қоғам өзерісі, танымдық метомарфоза үдерісін зерттеп, баға беру.

Яғни, мысал жанры арқылы әдебиеттің қалай дамығанын анықтау. Бүгінгі және кешегі әдебиеттің басты мүдделерін ұғынып, бүгінгі күн биігінен баға беру.

Материалдар мен әдістер

Мысал өлеңдер әу бастан ескі мұрағаттардан бастау алары анық [2, 467].

Біз бұл мақаламызда үш бағытты негізгі зерттеу нысанасы жасаймыз. Ол ежелгі Шығыс, кейінгі Шығыс және орта ғасырдағы Еуропа [3, 58].

Бұған қоса қазақ әдебиетіндегі мысал өлеңдері. Мысалдың шығу тарихындағы негізгі приоритетке екі түрлі көзқарас айтылады. Біріншілері яғни, Отто Крузиус, А. Хаусрат мысал өлеңдер баяндауға негізделген десе, Б. Э. Перри ол негізінен моральға сүйенеді дейді. Бірақ, Шығыс пен Батыс арасындағы айырмашылық осы мысал өлеңдерде көрінеді.

Ең ескі көрінер «Арыстан мен тышқан» оқиғасы «демотикалық әдебиет» ішінде көрінеді. Бұл сюжет кейін жоғалмай, Эзоп шығармашылығында бой көрсетті. Шамасы бұл шығарманы Эзоптың өзі ұнатып жазса керек. Аңызда Эзоп құл болған дейді. Самостық Иадмонның басыбайлы меншігі еді делінеді. Кейіннен бостандыққа қолы жеткен шағында Лидиялық Крез патшаның қасында болғандығы айтылады. Демек, Эзоп өзінің де, бір керекке жарарын айтатындай. Ең басында осы оқиға Раньң қызының көңілінен шықпақ болған Тоттың айтқан әңгімесінен басталған. Қыз көңілінен шықпақ Тот осы мысал арқылы өз тілегінен хабар бермек секілді. Кейін орыс мысалшысы Крылов та бұл туындыны орысша жазып шықты. Бұл кезең орыс мысалшысының қатарға қосыла алмай кезеңін көрсетеді [4, 202].

Осы мысалды қазақ ақыны С. Торайғыров қазақ тілінде жырлап шықты.

Ұйықтапты бір арыстан айдалада,

Тыныштықтық алу үшін сай-панада.

Үстіне арыстанның ойнақтапты,

Бір тышқан іннен шығып сол арада...

Күн қайда құтылатын торды бұзып,

Бакырып ызаланды жерді сүзіп,

Дауысын танып, баяғы тышқан келіп,
Құтқарды торды қиып, тістеп үзіп [5,224].

Бұл қазақ халқының шын қиналып әлемнің керегіне жарар ия, жарамас шағы еді. Бұған қоса ақынның өзінің денсаулығы кемшін тарта бастаған шағы болатын. Осының бәрі өзгеше ішкі дауыстың ерегесе шыққанындай, тым құрмағанда тышқан секілді әжетке жарарын айтатын секілді [6, 236].

Немесе біз мұны мысал өлеңдегі контрасты көрініс деп айтамыз. Егер Аяз би басындағы қалпында ел жаман деген жан болса, аяғында ел ханына айналады. Осы тектес, жақсыдан туар жаман делінер таңданыс пікір де сөзімізге бір мысал. Жаманнан жақсыға айналу процесі өте қызық та, ерекше жағдай. Бұған қоса әлеуметтік кеңістікте теңгермелік ерекше ситуаттың орын алғаны рас. Қоғам өз ішіндегі өзгерісті де осы арқылы айтады.

Демек «Арыстан мен тышқан» мысал өлеңі мазмұны мынандай жағдайларда өзгерген.

- 1 Өзін таныту.
- 2 Заманның өзгергенін көрсету.
- 3 Теңгермешілік уақыты туғанын ескерту.
- 4 Әр жанның өз орны бар екенін хабарлау.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқының ежелгі ертектерінің бірінде тышқанның жылға таласқан шағында, түйе үстінен шығып келе жатқан күнді бірінші көргені де баяндалады. Бұндағы тышқан образы бойы кіші болса да, әбжіл әрі қу болып танылады. Бойына сеніп құр қалған түйе күлкіге қалады. Шамасы бұл да дала төсіндегі тышқанның басқаша бейнесі болса керек. Бұған кейін тоқталамыз.

Бұған қоса мысал өлеңдер кейіпкерлері белгілі бір шектеулерге ұшырап, кейде мүлдем тиым салынған.

Мысалы «Үш торай» мысал өлеңі Ресейге жетсе де, бері өте алмаған. Бұған себеп көп.

- 1 Ұлттық таным.
- 2 Мұсылман діні.
- 3 Тұрмысы бөлектік.

Есесіне бүкіл Дала мәдениетінде тотем болған қасқыр орыс танымынан өтпеді. Еуропада бұл құбыжық болып саналды. Римнің салынған кезінде Дала мен Рұм бір ендікте болған секілді. Жас балалардың қасқыр еміп жетілуі содан.

Кейінгі Эзоптың қой терісін жамылған қасқыр жайлы мысалы- жаңа өзгерістерді көрсетеді. Рим басындағы далалықтар мен Рим империясының арасындағы соғыстың жаңғырығы десек болады. Қасқыр мен ит арасындағы оқиға даланың күш алған кезі деуге болады. Алғаш көрген кезде қолға түсіп қалғанында мен арықпын деп құтылған ит, келесі жолыққан шағында шатырға шығып кетеді. Ал қасқыр мен қозы жайлы мысал өлең мүлдем жаңа

қырмен білінеді. Пұтханаға кіріп алған қозының қасқыр қолынан өлгенше құрбан болып өлейін дегені жаңа бір ұғым бастауы секілді.

Кейінгі инквизация кезінде отқа жығылған әйелдер жын деп айыпталса, еркектер қасқыр құбыжық деп қорлық көрді.

Осыдан бастап қасқыр образы жағымсыз бейне болып кетті.

Лефонтеннің «Қасқыр мен ат» атты мысал өлеңінде де қасқыр образы сүйкімсіз.

Бұл Крылов мысал өлеңдерінде де көрінді.

«Қасқыр мен түлкі», «Қасқыр мен тырна», «Қасқыр мен мысық» тектес мысал жырларда осы бел береді. Бұның аяғы «Ну, погоди!» секілді кеңестік туындыларға ұласты.

А. Байтұрсыновтің «Ала қойлар» [7, 53], А. Тоқмағанбетовтің «Қасқыр мен аю», Ә. Асылбектің «Қасқыр мен көгершін», Ш. Құдайбердіұлының «Қасқыр, түлкі, бөдене» т.б. мысал өлеңдері қасқыр түрін жамандық символы жасады.

Қасқыр образын осылай жаппай жағымсыз кейіпте көрсету Шығыс әдебиетінде жоқ.

Қасқыр туралы сюжеттер әлсіздік пен зорлықшыл күштің кездесуі деп баяндалады. Оқиға соңында қасқыр жеңіледі. Бұл араларда фабуланың бүтін формасы жоқ. Тәлімдік дәрежеде ғана. Себебі мысал өлеңдер кесек эпикалық туынды емес. Біздегі кейінгі мысал өлеңдер осындай батыстық үлгіде өріледі.

Қасқыр мен бірге аю образы да жағымсыз түрде айтылады мысал өлеңдерде.

Әсіресе софылық әдебиет өкілі Румидің «Ақымақ пен аю» атты мысал өлеңіндегі аю образы жыртықтықтың бейнесі болып көрінеді. Жалпы шығыс әдебиетіндегі әр бейненің символдық мағынасы бар. Бұған қоса шығыс әдебиетіндегі оқиға желісі сәл өзгеше. Егер батыстық мысал өлеңдер артық сөзсіз жалаң оқиғаға құрылса, шығыстық мысал өлеңдер мүлдем тереңдеп пәлсәфалық ұғымды паш етеді. Бұған қоса оқиға соңында қортындылық тұжырым жасалады. Бүкіл шығыс мысал өлеңдері осылай жасалып әр сөз я бейнені жұмбақтап береді.

Өзіне жақсылық жасаған адамды өлтіріп алған аю туралы айтады Руми өз шығармасында. Жыртқыш бәрібір жыртқыш деген жолаушы да мысал өлеңге араласады. Яғни, жаманға жасалған жақсылықтың не болары айтылады бұнда. Осы шығарма М. Әуезовтің «Көксерек» секілді сүйекті еңбегіне де идеясымен жалғасады.

Ал, И. Крыловтің «Еңбексүйгіш аю» атты мысал өлеңінде аю жағымды мінезді болып беріледі. Еңбексүйгіш, өзімен өзі жүрген аю негізінде жыртқыш екені анық. Бірақ соған қарамастан орыс ұлты осы аюды өзінің ұлттық брeнді деп санайтыны белгілі. Бұған себеп олардың тұрған жері

орманды, аю мекендеуге қолайлы аймақ. Керісінше далалықтар өздері үшін қауіпті қасқыр атын айтпай ит-құс дері содан болса керек. Әр халық өз мысалдарында, әфсаналарында ұлттық танымынан аттап кетпейді. Сондықтан қазақ мысал өлеңдерінде аю бейнесі жоқ. Өздері бүтін араласпаған аңды мысал өлеңдеріне арқау етіп алмаған. Сюжетке қоспаған, өз танымына араластырмаған.

Қасқыр, аю, арыстан бейнелері бар мысал өлеңдер мазмұны соңында осы аталған кейіпкерлер жеңіледі. Бұлар жағымсыз образдар.

Барлық мысал өлеңдер ішінде ерекше көрінер бір аң ол-түлкі. Түлкі айлакер әрі қу адамның образында жүреді. Әр тұста түлкі сәл басқаша көрінгенмен негізінде түлкі жағымсызға жақын.

Түлкі туралы аңыз әңгіме мен мысал өлеңдер адамзаттың бәріне ортақ. Бұның себебі түлкі аңының мекен етер жерлерінің кеңдігі болса керек.

Түлкі жайлы ежелгі аңыздардың бірі Дионис өсірген «тевместік түлкі». Бұл түлкі әр ай сайын бір бозбаланы жей бастаған. Соңында оны қуып шыққан ит пен түлкіні Зевс тасқа айналдырып жібереді. Бұл жерде түлкі әлдебір тылсым күшпен, зорлық иесі сияқты танылады.

Біздің заманымызға дейінгі 2000 жылғы оңтүстік америкалық аңыздарында түлкі көктен адамдарға тамақ әкелетін құдірет иесі екені олардың пұтханасында суретке салынған. Демек түлкі ежелден белгілі персонаж.

Эзоптың «Бүркіт пен түлкі» мысалында екі жыртқыштың қатар өмір сүре алмайтынын көреміз. Достықта күн кешпек болған екі аң аяғында бірінің баласын бірі жеп тынады. Бұдан туатын қортынды досты дұрыс таңдау керек екендігі насихат етіледі.

Түлкі туралы Еуропаның аса ірі туындысы «Түлкі туралы роман».

Ренардың бұл шығармасы өз кезінде соншалықты ерекше дүмпу тудырған шығарма. Түлкі жайлы мысал өлеңдер, ертектер үнді елдерінен, Византия арқылы жеткен оқиғаларды еуропа жұрты жаңаша танып, ұғынды. Сонымен бірге түлкі жайлы ұғынымдар бекітілді.

И. О. Крыловтің «Түлкі» жайлы мысал өлеңінде суат басындағы құйрығы суға қатқан қу жөнінде әңгіме болады. Еріксіз құйрығын қасқыр көмегімен кесіп тастап кеткені жайлы осы туынды. Бұнда ыңғайсыз жағдайдағы түлкі, озбыр күшті қасқыр басындағы оқиға шұғыл басталып шалт бітеді. И. О. Крыловтің «Құрлысшы Түлкі» мысал өлеңінде туықтарға қора салған түлкі туралы баян етіледі. Бұл шығарманың дүниеге келген уақыты 1815 жыл. Яғни орыс елін сақтап отырмын деген орыс патшасының шын пиғылы ашылған. Өзі салған тауыққора ішінен тауықты ұрлап жеп отырған түлкі ісі өз кезеңінің көрінісі.

А. Құнанбаевтің «Қарға мен түлкі» мысал өлеңінде түлкілік кейіптің бар бояуын ашады.

Жұрт біледі, күледі,
Сұркия тілдің жаманын,
Қошеметшілдердің амалын.
Сонда да солар қайда жоқ?
Ептеп айтса, ересің,
Артынан өкінсең де, пайда жоқ... [8, 73].

Мақтауға ерген қарғаның қалай ірімшігінен айрылғаны да сөз болады мысал өлеңде.

Есек, жылқы т.б. кейіпкерлер де адам бойындағы бар қасиетті паш етеді.

Бұл мысал өлеңнен бөлек бағыттағы тағы бір арна шығыстық мысал өлеңдер. Жалпы хадистердің өзі тәрбиелік мәні бар тәпсірлер.

Шығыстық мысал өлеңдер бұған дейін бабылдық-шумерлік мотивтерді бойына сіңірген шығармалар екені белгілі. Кей тұстарда шығыс мысал өлеңдер бүтін бір ансамбль құрып кешендік түр алып кетеді.

Мысалы «Тоты-нама» осының бір шырайлы үлгісі [9, 273]. Бұған тіпті «Мың бір түн» сияқты классикалық еңбектер енеді.

Шумер әдебиетінің ең алғашқы мысалдары бір ғана сөздерден құралса да, терең мағына беретін.

Мысалы иттің иесіне айтқан сөзі; «егер сен менің қуанышыма қуанбасаң. Жоғалғаным да ренжімейсің».

Бұны ағылшын әдебиетшілері «веллеризм» деп жүр. Яғни, ілініп қалған сөз. Біз осы үлгіге қарап мысал өлеңдердің негізгі міндеті тәрбие екенін білеміз.

Осы алғашқы варианттарында қысқа нақылдар қалпында пайда болып кейбіреулері мысал өлеңдерге айналған. Мысал өлеңдердің оу бастағы қалпы мақал болатын.

Әсіресе арабтық кезеңде мысал нақылдар екі түрлі бағыт алды бірі ешкім білмес әлдекімдер болса, келесілері белгілі жандар жайлы болды.

Жәмидің айтуындағы «Ибн-Сина мен ауру» нақылдық мысал өлеңі адам психиатрлық жағдайы қандай боларын, тіпті қалай емдеу керектігі көрсетсе керек.

«Зұлқырнайын және оның қолбасшылары» атты мысалда билік иесінің қандай ақыл мен ойға ие болу керектігі айтылады.

Шығыс мысал өлеңдерінде соқыр адам, міскін адам, шарап, сұлу қыз секілді көркем персонаждар мүлдем басқа ұғыммен ұсынылады.

Бұның ерекше үлгісі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Жарты нан» мысал өлеңінде анық танылады [10, 80]. «Шайтанның саудасы» тектес туынды да мысал өлеңінің классикалық түріндегі әлем әдебиеті қазынасы.

Қорытынды

Зерттей келе түсінеріміз, мысал өлеңдер жанрының оқиғалары адамзаттық мұра.

Бұндағы сюжеттер бір ғана жұрттың жиғаны емес, келесі елге ауысып жаңғырып, ыңғайына қарай өзгеріп отырар жанр екенін таныдық.

Мысал өлеңдер жанры мазмұнын туыстар халықтар ішінен бастап, іргелес елдегі өзгерісіне қарау керек.

Мысал өлеңдер жанрындағы кейіпкерлер трансформациясын сол елдің басынан өткен тарихи, діни өзгерістермен бірге зерттеу пайдалы болмақ.

Мысал өлеңдер оқиғасы өзгеруі арқылы сол елдің әдебиетінің қарымының өсу я бәсең тарту индексіні анықтау ләзім.

Демек, осы әдістер мысал өлеңдердің морфологиясын ашып тануға мүмкіндік береді.

Біздің бұл шағын зерттеуіміз бұған дейін салыстырмалы әдебиетте қақас қалып келе жатқан мысал өлеңдер жанры мазмұнына, структурасына, фабула, композициясына жаңаша қарауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Бүгінгі кәсіби әдебиет басында мысал өлеңдер тұр. Осы жанр мазмұнын ұғынған кезімізде әдебиетті түсінеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Фрэззер, Дж.** Золотая ветвь – М. : Издательство политической литературы, 1986. – 707 с.

2 **Крылов, И. А.** Полное собрание сочинений – М. : Гос. Изд-во худож. Лит. 1945 – 1946. – 463 с.

3 **Елікбаев, С. Т.** Қазақ әдебиетіне арналған хрестоматия, 10 сынып – Астана : «Арман-ПВ», 2006. – 415 б.

4 **Елікбаев, С. Т.** Қазақ әдебиеті, 10 сынып – Астана : «Арман-ПВ», 2006. – 351 б.

5 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол – Алматы : Жалын, 1991. – 461 б.

6 Абай – Алматы : Жазушы, 1986. – 200 б.

7 **Қоңыратбаев, Ә.** Ақ жол. – Алматы : Ғылым, 1987. – 365 б.

8 **Мәшһүр-Жүсіп.** Шығармалары. 4-том. – Павлодар : ЭКО, 2004. – 535 б.

9 Краткая литературная энциклопедия – М. : Советская энциклопедия, 1962. – 707 с.

10 Мифы народов мира – М. : Советская энциклопедия, 1992. – 719 с.

REFERENCES

1 **Fraser, J.** Zolotaya vetv [The Golden Bough] – Moscow : [Moscow : Publishing House of Political Literature], – 1986. – 707 p.

2 **Krylov, I. A.** Polnoe sobranie sochineniy [The Complete Works]. – Moscow : State University. Fiction. Lit, 1945 – 1946. – 463 p.

- 3 **Elikbayev, S. T.** Qazaq adabietine arналған chrestomatiya, 10 synyp [Anthology of Kazakh literature, 10 grade] – Astana : «Arman-PV», 2006. – 415 p.
- 4 **Elikbayev, S. T.** Qazaq adabietini, 10 synyp [Kazakh literature, 10 grade]. – Astana : «Arman-PV», 2006. – 351 p.
- 5 **Baitursynov, A.** Aq Zhol [White Road] – Almaty : Zhalyyn, 1991. – 461 p.
- 6 **Abay, K.** Abay. – Almaty : Zhazushy, 1986. – 200 p.
- 7 **Konyratbayev, A.** Aq Zhol [White Road]. – Almaty : Gylym, 1987. – 365 p.
- 8 Mashhur-Jusip. Shygarmalary 4-tom [Works Volume 4]. – Pavlodar : ECO, 2004. – 535 p.
- 9 Kratkaya literaturnaya encyclopedia [A short literary encyclopedia]. – Moscow : Sovetskaya encyclopedia, 1962. – 707 p.
- 10 Myphy narodov mira [Myths of the peoples of the world]. – Moscow : Soviet encyclopedia, 1992. – 719 p.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

**Б. К. Капасова, С. Т. Еликбаев*

^{1,2}Торайғырова Университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ИЗМЕНЕНИЙ СОДЕРЖАНИЯ В ЖАНРЕ БАСНИ

Пример Жанр басни известен уже давно. В своей статье мы рассмотрели изменение содержания в баснях. Особенно интересен процесс развития событий в стихах, подверженных новым трансформациям. Тем самым происходит изменение общества. Значит, мы знаем, что наша статья интересна и востребована и по сей день.

Жанр известной нам басни один из самых почитаемых жанров древнего человечества. В ходе первого процесса развития человечество познало мир через жанр басни и расширило его познание через образец литературы. Потому что в первые годы развития человечество не отделяло себя от окружающей среды. То есть, говоря о различных событиях, историях между животными или живыми и мертвыми, человек испытывает изменения в понятии отношения, его нравственности, и тогда пишется басни в стихах.

Как следует из названия басней будут стихи. Главный признак этого жанра – сравнительное литературоведение. Вот и причина,

по которой мы изучаем этот вид жанра. А в некоторых баснях, особенно в стихах проявляется и характер нации. Народная поэзия звучит как приговор, искренняя мысль. Поэтому, чтобы понять характер, образ, менталитет сегодняшней и вчерашней нации, придется обратиться к стихам из басни в этой статье.

Ключевые слова: басни, общие человеческие темы, история литературы, теория литературы, компаративистика.

**В. К. Карасова¹, С. Т. Еликпайев²*

*^{1,2}NJSC Toraighyrov University,
Republic Of Kazakhstan, Pavlodar
Material received on 13.06.22.*

COMPARATIVE ANALYSIS OF CONTENT CHANGES IN THE GENRE OF FABLE

Fable poems are a genre of literature known from the old times. In our article, we discussed the new changes in the content within fable poems. a fable is the development of events within poems, the process of transformation in a new way. This is how society changes. Therefore, we find our article interesting and necessary even today.

The genre of the fable known to us is one of the most revered genres of ancient mankind. During the first process of development, humanity learned about the world through the genre of fable and expanded its knowledge through a sample of literature. Because in the early years of development, humanity did not separate itself from the environment. That is, when talking about various events, stories between animals or the living and the dead, a person experiences changes in the concept of attitude, his morality, and then a fable is written in verse.

As the name suggests, poems will be a fable. The main feature of this genre is comparative literary studies. That's the reason we're studying this kind of genre. And in some fable, especially in the verses, the character of nations is also manifested. Folk poetry sounds like a verdict, a sincere thought. Therefore, in order to understand the character, image, mentality of today's and yesterday's nation, we will have to refer to the fable verses in this article

Keywords: fables, common human themes, literary history, literary theory, comparative studies.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
2,19 МБ RAM
Шартты баспа табағы 18,65. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3937

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.
Электронное издание
2,19 МБ RAM
Усл. печ. л. 18,65. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3937

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz